

1957 жылы Алматы қаласында өткен студенттердің Бүкілқазақстандық фестиваліне қатысып, Құрманғазының «Балбырауын» күйін тартып, 18 жасында лауреат атағына ие болады. Жас күйшінің талантына тәнті болған сол кездегі белгілі композиторлар Ахмет Жұбанов пен Нұрғиса Тілендиевтер оған баталарын беріп, консерваторияға оқуға шақырады. 1978 жылы Алматыдан арнайы іс-сапармен шығып, қазақ радиосының қорына ескілікті ән күйлерді жинаған Илия Жақанов атамның орындауында Сүгірдің «Қосбасар», «Аққу», «Қаратаудың шертпесі» тағы басқа күйлерін жазып алған.[4.109 б.].

1983 жылы жазушы-ғалым, өнер зерттеушісі, Ақселеу Сейдімбек Қазақстан Ұлттық телеарнасы арқылы Сайдалы Сары Тоқа күйшіге арналған хабар ұйымдастырып, оған М. Ұлмағанбетов пен М. Тілеухановты шақыртады, осы бағдарламада жаңаарқалық күйшілер қалың бұқараға соншалықты таныс емес «Төрт толғау», «Сарыжайлау», «Қосбасар», «Бозайғыр», «Қыз қайғырған» күйлерін орындайды.

М. Ұлмағанбетов репертуарында 50-ден астам күйлер бар, Құрманғазы, Дәулеткерей, Сайдалы Сары Тоқа, Түркеш, Сүгір, Дайрабай, Қыздарбек, Ә. Хасеновтың күйлерін шебер орындаушылығымен халықтың алғысына ие болған. Өзінің ұстазы Қыздарбеков Жұмағалиға арналған «Опасыз дүние жалған», сонымен қатар, «Қосбасар» күйлері халық арасында танымал. Елі құрметтеген, халқы қадірлеген М. Ұлмағанбетов өзінің ұрпақтарына қазақтың күдіретті өнерін дарыта білді.

Бүгінгі таңда Жаңаарқа өнердің жаңа шырдарына аяқ басуда, оған дәлел өскелен ұрпақтың қазақтың ән-күй өнеріндегі жетістіктері.

Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша туған өлкемнің ұмытылып бара жатқан мұраларын қайта дамыту, оны жаңғырту баршамыздың перзенттік борышымыз деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолов Ә.Ж. , Ісләмов І.І. Жаңаарқа: ақпараттық танымдық кітабы.- Қарағанды: Мағжан, 2019.- 312 б
2. Мағзымұлы Ж. Жаңаарқа күйшілері. - Алматы: Үш қиян, 2005.-184 б
3. Оразов Н. Сарыарқа журналы. - 1992жыл наурыз. - 96 б
4. Жұмаділдин А. Жаңаарқа. - Алматы: Кенже – Пресс – Медиа, 2003. – 521 б

Шығыс Қазақстанның киелі жерлері

(жартас бетіндегі суреттер негізінде)

Назарова А.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Б.Б. Бесетаев
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстанның әр өңірі ерекше, әрі тарихқа бай, ғажайып ескерткіштерге толы. Соның бірі Шығыс Қазақстан облысы көне замандарда Еуразия даласында жүрген тарихи-мәдени үдерістердің қайнаған ортасында болған, әрі көшпелі тайпалар арасындағы тарихи-мәдени байланысты нығайтуда алтын көпір қызметін атқарған өлкелердің бірі. Шығыс Қазақстандағы анық әрі нақты зерттелген петроглифтердің көп бөлігі Қалба және Нарым жоталарында, яғни, Ертіс өзенінің жағалауында көптеп кездеседі. Ал Шығыс Қазақстанның солтүстік бөлігінде көбінесе сурет емес жазбалар түрінде кездеседі [1, с. 15].

Ақбауыр ескерткішін тұңғыш рет 1971 жылы З. Самашев ашқан. Бұл орын мен үңгірдің формасын неолит дәуіріндегі мал өсірушілер пайдаланған. З. Самашевтің пікірінше, формасы пирамида тәрізді, негізі тікбұрышты Ақбауыр шоқысының өзі байырғы адамның мифологиялық ойынша дүниенің ортасы, әлемдік тауға баланған. Үңгірдің солтүстік қабырғасына қызыл охра сырымен суреттер салынған. Төбедегі дөңгелек тесіктен түскен күн сәулелері жарықтандырып, ғарыштық жақындасу актісін жасаған деседі. Үңгірдің формасы адамның баспанасына ұқсас, ал қабырғадағы суреттер құпия діни рәсімдердің бір бөлігі

іспетті болған. Онсыз алғашқы адам өз қауымының игілікті тұрмысын елестете алмаған. Ақбауырдан біз геометриялық элементтерден құралған күрделі композицияны: батпырауықтарды, нүктелерді, қисық крестерді, адамдардың бейнелерін, баспаналарды, арбаларды, «тіршілік ағашын» көреміз [2, с. 28-31].

Бозанбай селосының айналасындағы жартас суреттердің бірнеше пункті анықталған. Селоның солтүстігіне қарай үш тас орналасқан. Тік жартасқа таутекелердің бес фигурасы бейнеленген. Тағы бір таста сүзісіп жатқан екі таутеке салынған. Үшінші тастың терең жарықшақпен бөлінген вертикальді кеңістігінде шайқас көрінісі және аңшылық сюжеттер көрініс тапқан. Бұл ерте түрік уақытының бұл өңірде аса сирек кездесетін неғұрлым деректі петроглифтері.

Бозанбай селосынан оңтүстік-батысқа қарай 3 шақырым жерде орналасқан екінші пунктте суреттер көп емес. Дегенмен өзінің бағалылығы жағынан олар Шығыс Қазақстанның ең құнды петроглифтерінің қатарына кіреді. Олардың ішінде скиф-сақ аңдар стилінің ең таңдаулы дәстүрлерінде салынған жеті кербұғының бейнесі бар. Осы тастан 300 метрдей жерде үстіне түгел сурет салынған тас орналасқан. Онда бұқаны атып жатқан мерген белгіленген. Одан төменіректе түйелер, таутекелер шоғырланған. Жартастағы бұл суреттер ерте темір дәуірі мен ерте орта ғасырлар дәуіріне жатады және осы өңірдің ертедегі тайпаларының тарихы жөніндегі бағалы ескерткіш болып табылады [3, с. 226].

Көпбала қонысының петроглифтері Бестерек селосынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде орналасқан. Олар негізінен вертикальді кеңістіктерде салынған. Мұнда жеке және жұптық бейнелер басым. Аңшылық көріністер кездеседі: құрамы күрделі садақтармен қаруланған аңшылар бейнеленген, кейде олар ат үстінде салынған. Дегенмен жаяулары көбірек. Олар таутекелерді, бұғыларды, түйелерді аулап жатқан көріністері де бар. Көпбала қонысындағы петроглифтер бүтіндей алғанда ертедегі адамдардың әртүрлі аңшылық тәсілдері мен шаруашылық қызметін бейнелейді. Ескерткіш ерте темір дәуіріне жатады [3, с. 229].

Жоғарыда аталып өткен жартас кешендеріндегі суреттердің техникалық орындалу тәсілдері келесідей болып келеді: охра, сұлба түрінде қашау, нақыштама, тегістеу және құрама бейнелеу тәсілі бар. Суреттерді қашап түсіру үшін тас жазық бетінің түзілу тәртібін таңдаудың қашанда идеологиялық, діни, эстетикалық, эмоционалдық бағдардағы ұғым-түсініктер мен мүдделерге және белгілі бір дәрежеде петроглифтерді орындау техникасына байланысты ой-пікірлерге сәйкес келуі тиіс екені белгілі.

Шығыс Қазақстан петроглифтерінде ең көп тараған образдардың бірі тауешкі. Жоғарыда сипатталған жартас суреттерінде кеңінен таралған және салыстырмалы түрде қарағанда барлық кезеңдердің бейнелері арасынан саны жағынан басым және кескінделу ерекшеліктері де саналуан. Олардың бейнелену ерекшеліктеріне қарап жергілікті үрдісте дамып отырған сабақтастықты да байқауға болатын сияқты. Сондай-ақ петроглифтердің ішкі мән мағанасын индоирандық, индоарилік халықтардың арасындағы мифологиялық текстермен салыстыра отырып зерттелуі сол кездегі осы өңірдің жартас суреттерін зерттеудегі алғашқы қадамдардың бірі болып табылады [4, с. 4-5].

Жартас сурет өнеріндегі тауешкінің бейнесіне арналған арнайы еңбек жоқ, дегенмен А.П. Окладников кезінде былай деген болатын: «Тауешкінің жете, терең қарастыра отырып, одан тұтас бейне мен оның бөлшектерінің түсіндірмесінен әртүрлілікті байқаймыз, мұның өзі ғана оған деген қарым-қатынасты өзгертуге, сонымен қатар ол маңызды бөлігі болып табылатын өнердің мәнін толығырақ түйсінуге, кездейсоқ бақылаушыға соншалықты қарапайым, жұпыны көрінуі мүмкін ежелгі сурет шеберінің «шеберханасы» мен шығармашылық тәсілдерінің мағынасын тереңірек ұғынуға итермелейді» [5, с. 54].

1980-ші жылдары З. Самашев Қаратау жотасының оңтүстік беткейіндегі Біресек өзенінің оң саласы Жыңғылшық өзенінің петроглифтері туралы жариялайды. Сондай-ақ шығыстық «бұғытас» үрдісінде орындалған құстұмсықты бұғыларға сипаттама беріп, суреттердің хронологиялық шеңбері мен ол бейнелердің өз «отанынан» алшақ оңтүстік аймақтарда пайда болу себептері туралы өз пікірін – «б.з.д. екінші мыңжылдықтың соңы мен

І мыңжылдықтың басында осы бейнелеу үрдісін ұстанушы этникалық топтардың Орталық Азияның далалық аймақтарынан жылжу бағыттарын көрсетеді» – атап өтеді [6].

Ежелгі көшпелілер заманында асылтекті бұғының бейнесі жалпылай алғанда сол қоғамның өзіндік бір – таным белгісі болды. Ол негізінен алғанда түрлі қиял-ғажайып элементтермен астасып жатқан күн, ата-баба, әлем ағашына қатысты мифологиялық культтермен және қағидаттармен байланысып жатты. Жартас сурет өнерінде болсын, тіпті түрлі зергерлік бұйымдардағы бұғы образын ашуда, аталған жануардың әлдебір аспан әлемімен қатысты семантикасы жоққа шығарылмайды. Жоғарыда сипатталып өткен нышандармен бұғыны өрнектеу, оның құрбандыққа арналған болмысын және таңбалануын білдіреді деген тұжырымдар бар. Оның үстіне оның барлық Сібір халықтарында сақталып қалған кейбір этнографиялық мәліметтермен расталады [7, с. 418-421].

Еліміздегі ежелгі дәуірлердегі болған климаттық өзгерістер міндетті түрде табиғаттағы фауна, флора өкілдерінің арасында түбегейлі не құрамы жағынан бірқатар өзгеріс әкелетіні мәлім, соның нәтижесінде шаруашылық түрінің де өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ал бұл екі фактор өз кезегінде қоршаған ортаға байланысты қоғамдағы кейбір дүниетанымдық, мифологиялық, т.б. өзгерістерге әкеліп соғатыны заңдылық. Бұл өзгерістердің өз кезегінде жартас суреттерінде не басқадай бейнелеу өнеріне ықпалының болатындығын байқауға болады. Бұл өзгерістің болғандығы аймақтың жартас суреттерінен анық байқалады. Қола дәуірінің жартас суреттерінде б.з.д. II м.ж. ортасынан бері қарай ылғалды климатқа бейім бұқа бейнелері азайып, орнына құрғақшылыққа шыдамды түйе бейнелері көбейе түседі. Бұл құбылыс басқа аймақтарда да байқалады, мысалы Оңтүстіктегі Алтын-депенің ерте қола дәуіріне қарағанда дамыған қола дәуірінде (б.з.д. III мыңж. екінші жартысы II мыңж. басына сәйкес келеді) шаруашылықтағы мал құрамында өзгерістер пайда болады [8, с. 201-213].

Жалпы алғанда, Қазақстан жеріндегі ежелгі заманда қоғамның дамуына байланысты петроглифтердің сюжеттері күрделене бастаған. Бұл уақытта өнердің дами бастауы шаруашылықтың жаңа түрлерінің – металл өңдеудің, мал шаруашылығының, жер өңдеудің пайда болуына байланысты. Адамның темірмен танысуы ең алдымен қоғамдық еңбектің бөлінуімен көрініп, дамуға әкелді. Бұл тасқа салынған сюжеттерінің тақырыбына әсер етті. Қола дәуірінің петроглифтері діни нанымдарды, аңшылық сахналарды, тұрмыстық, ғұрыптық сюжеттерді бейнеледі. Ал, темір дәуірі заманына қарай аң бейнелі стиль мен әскери демократияның басымдығын суреттеді [9, с. 201-213]. Мұны біз өзіміз жоғарыда сипаттап өткен өңіріндегі петроглифтенден де байқай аламыз.

Қорытындылай келе, Шығыс Қазақстан өңірінің археологиялық ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде көне тұрғындардың мәдениеті жайлы біршама мәліметтер алынды. Сонымен қоса, қарастырып отырған өлкедегі неолит, қола және ерте темір дәуірі ескерткіштері көршілес аймақтардағы хронологиялық шеңбері бір мәдени ошақтармен теориялық жағынан салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалуы мәселесі болашақтың еншісінде. Дегенмен, Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймақтарының археологиялық тұрғыда зерттелінуінің Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда ақтандақ беттері көп, әлі де зерттеуді қажет етеді. Олардың қатарында петроглифтердің жалпы санын, тарихи-топографиялық құрылымын, өзара байланысын анықтау күні бүгінге дейін толық шешімін тапқан жоқ дегіміз келеді.

Осы тақырыпты қарастыра келе байқағаным бұл петроглифтер шағын ғана болса да тарихи мәні зор. Бірақ, бұл ескерткіштерді жұртшылық аса қатты біле бермейді, себебі, бұл петроглифтерді ешқандай әлеуметтік желілерден, халық көп оқитын газет-журналдардан тіпті жергілікті әкімшіліктің ресми сайттарынан да байқамаймыз. Мұндай ескерткіштердің тарихи құндылығын жоғалтпау үшін халық бұл петроглифтер жайлы білуі қажет. Қоғамдағы осындай кемшіліктерді түзетсек, тарихи ескерткіштердің маңызын келер ұрпаққа жеткізе аламыз деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 288 с.
2. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006. – 200 с.
3. Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области. – Усть-Каменогорск: Государственный фонд поддержки культуры и искусства, 2006. – 254 с.
4. Омаров Г.К., Жуматаев Р.С., Бесетаев Б.Б., Сагындыкова С.Т. Наскальные изображения Восточного Казахстана. Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 32 с.
5. Окладников А.П. Петроглифы Центральной Азии. – Л.: Наука, 1980. – 272 с.
6. Самашев З.С. Некоторые замечания о проблемах петроглифоведения Казахстана // Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. – Актобе, 2006. – Ч. 1. – С. 31–36.
7. Дэвлет Е.Г., Дэвлет М.А. Об изображениях оленей с соляными знаками на корпусе // Комплексные исследования древних и традиционных обществ Евразии. – Барнаул, 2004. – С. 418–422.
8. Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Мерц И.В., Сагындыкова С.Т. Краткое сообщение о результатах археологической разведки на территории Курчумского района в 2018 году // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия: Исторические науки. – 2018. – №4 (91). – С. 201-213.

Ордабасы ауданының қасиетті нысандары

Нұрғали Н.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ордабасы өңірі ежелден-ақ халық жиі қоныстанып, гүлденген өлкенің бірі. Ордабасы ауданындағы көптеген обалар мен төбелер, қоныстар мен қалалар өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштерге бай екендігін көрсетеді. Осы ауданның қазіргі географиялық жағдайына тоқталатын болсақ, Ордабасы ауданы-Түркістан облысының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Халқының саны – 102461 адам (2009) [1, 9 б.]. 1964 жылы құрылып, 1993 жылға дейін – Бөген ауданы деп аталып келді. Аумағы – 2726 шаршы шақырым. Ордабасы ауданы солтүстігінде-Кентау қалалық-әкімшілігімен, оңтүстік-батысында – Отырар ауданымен және Арыс қалалық-әкімшілігімен, солтүстік-шығысында-Бәйдібек ауданымен, шығысында-Сайрам ауданымен, ал оңтүстігінде-Шымкент қалалық-әкімшілігімен шектесіп жатыр. Аудан – 10 ауылдық округке бөлінген, орталығы – Темірлан ауылы. Халқының ұлттық құрамы бойынша, басым көпшілігін – қазақтар (95%) құрайды. Ірі елді- мекендері: Шұбарсу (16,5 мың адам), Темірлан (12,5), Төрткүл (6,7), Бадам (6,7), Бөген (4,1), Шұбар (3,5), Қайнар (3,2), Қаракұм (3,1), т.б [2,415 б.]. Аудан территориясынан Боралдай, Бадам, Бөржар, Шұбарсу, т.б, өзендер ағып өтеді. Аудандағы ең биік жері Қайнар ауылының шығысында орналасқан (383 м) [3, 173 б.]. Ауданның көп бөлігінің жері жазық, шаруашылыққа өте қолайлы болып келеді.

Ордабасы ауданында тарихи-мәдени, археологияқ ескерткіштер жетерлік. Ордабасы ұлттық тарихи-мәдени қорығының өзінде, көне дәуірден, қазіргі күнге дейінгі ескерткіштер кездеседі. Қорықтағы археологиялық ескерткіштердің ең көнесі мезолит дәуіріне тән, ал бергісі Х-ХІІ ғасырға жататын - Қарауылтөбе болып табылады. Ордабасы ауданында ортағасырлық ескерткіштердің көп болу себебі – аудан территориясы Ұлы Жібек жолының бойында-оңтүстігі мен шығысында Шымкент және Сайрам, ал солтүстігі мен батысында Түркістан мен Отырар сияқты ортағасырлық ірі қалалар аралығында орналасқан. Сондықтан, мұнда – қалалар, керуен сарайлар, төрткүлтөбелер мен қарауылтөбелер жиі бой көтерді.

Ордабасы ауданындағы ежелгі дәуір ескерткіштеріне: Бөржар қорғандары, Жусансай қорғандары, Исаханов қорғандары, Ордабасы қорғандары, Бірлік, Көктөбе, т.б. жатады. Бұл қорғандар негізінен-сақ,қаңлы кезеңіне жатады.Ортағасырлық археологияқ нысандарға – Қараспантөбе, Жуантөбе, Жартытөбе, Ұзынтөбе, Қостөбе, Бірлік, Сарытөбе, Көктөбе,